



## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

06.10.2020 № 375-н

Алматы қаласы

город Алматы

### «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекіту туралы»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру үйымдарында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдел нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар коллежінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты (бұдан әрі - стандарт) бекітілсін.

2. Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Передерий Е.А. белгіленген тәртінте колледждің реєсми сайтында стандарттың орналастырылуын қамтамасыз етіңіз.

Негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің хаты.

Директор

Д.Басенов



Бекітілді  
2020 жылғы «06» қазандағы  
№375-п бүйрығымен

**Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжінің  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

**1. Жалпы ереже**

1. Осы Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың өзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың өзірлеуші Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжі болып табылады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың өзірлеу міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлық көріністерін уақыттылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қагидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) ашықтық;
- 3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сактау және оларды сыйбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қактығысын болдырмау болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлқынты сактауға және сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды аныктайды.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы түрғысынан:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің

жобасын дайындау;

4) тиісті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.

## **2. Қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлыш (іс-әрекеттері) стандарттары (ұсынымдары)**

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен зандарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа де тілдерді, Қазақстан халқының салт-дастүрлерін құрметтеу;

3) жеке занды тұлғалармен, занды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қаралайым болу, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыйрайлық және биязылық таныту;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;

5) өз әрекетімен және мінез-құлыммен қоғам таратынаң сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарту үшін конструктивті сынды қолдану;

6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, үйімдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;

8) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылыштар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

9) мемлекеттік органда еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.

9. Мемлекеттік қызметті және басқа да рұқсат беру қызметтерін көрсету кезінде:

1) тұрақты негізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

2) қолжетімді турде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы ақпарат ұсыну;

3) қарастырылмаған құжаттарды сұратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұқсат беру функцияларын көрсету барысында әртүрлі әуре-сарсаңнан (салғырттықтан) аулақ болу;

4) сыйбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылыққа итермелеу кезінде басшылыққа жеткізу;

5) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсайды;

2) Занда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды еткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізіліміне қосылған әлеуетті жеткізуші және (немесе) оларға тартылатын косалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

11. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мұдделер қақтығысының, жеке бас мұддесінің туындағаны туралы, сыйбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелеу туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;

2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3) еріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мұліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыйбайлас жемқорлыққа карсы тұруға, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты аптуға белсенділік таныту;

5) сыйбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сарсаңға салғаны туралы басшылыққа жеткізу;

6) атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күмandanған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлау;

7) егер мұдделер қақтығысына тікелей басшының өзі қатысты болса, жоғары түрган басшыға жүгіну;

8) табыс табуга байланысты кәсіпкерлік және өзге де әрекеттерді іске асыруда біреуге көмектесуден бас тарту.

12. Нормативтік құқықтық актілерді дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобасын дайындау мен талқылауда қоғамның, бүкіл акпараттық құралдардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;

2) ұйымның құрылымдық бөлімшелерімен тұрақты негізде құқықтық

актілер мониторингі мен тиісті есептер дайындауды үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) өзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге жіберуге дейін көпшілікпен талқылау үшін ашық нормативтік құқықтық актілерді интернет-порталға орналастыру;

4) сыйбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормативтік құқықтық актілер нормаларын пайдаланбау.

13. Қызметшілерін/жұмыскерлерін таңдау мен орналастыру бойынша кадр жұмысын үйімдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімін сақтау;

2) үйімға қызметке/жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізі міндеттерді, тынымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) мемлекеттік қызметкерлердің жеке деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) қызметке/жұмысқа үміткерден еңбек шартын жасауға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

6) жұмыскерлеріне қатысты қызметтік тексеруді әділ және жан-жақты жүргізу.

14. Тіршілік әрекеті саласына байланысты пайда болған басқа да өзара қатынас барысында:

1) бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттігінің көлемін накты және анық белгілеу;

2) бағыныштағы лауазымды тұлғалардың арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

3) олардың әрекеттерінің нәтижелерін бағалау барысында, сондай-ақ маддактау және жаза қолдану кезінде шындық және әділдік таныту,

4) бағынышты жұмыскерді орынсыз айыптауға, дөрекілік факторларына, адамның ар-намысина тиоіне, жонсіздікке, дөрекі мінез-құлышқа жол бермеу;

5) олардың лауазымдық міндеттерінен тыс немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы тапсырма бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттагы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың әрекеттеріне эсер ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) бағыныштыларды сыйбайлас жемқорлық заң бұзушылық жасауға итермелемеу;

8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында әрінгестерде туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбебейлі шараларды өз уақытында кабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік құралдарын қоса алганда, мүлікті қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.